

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих факультеті
Археология, этнология және музеология кафедрасы

**«Еуразия археологиясындағы заманауи тұжырымдамалар» пәні бойынша
қорытынды емтихан бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары**

«8D02213 – Еуразия археологиясы» білім беру бағдарламасы

Алматы 2024 жыл

Құрастырушы:

Утубаев Ж.Р. т.ғ.к., Археология, этнология
және музеология кафедрасының аға
оқытушысы, т.ғ.к.

(дайындалған - А.Ж.Т., лауазымы, дәрежесі
және
атағы)

«Еуразия археологиясындағы заманауи тұжырымдамалар» пәні бойынша
қорытынды емтихан жүргізу
бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде қаралып,
ұсынылды

«__» _____ 2024 ж., хаттама

Кіріспе

Студенттер «Еуразия археологиясындағы заманауи тұжырымдамалар» пәні бойынша емтиханды жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.
3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, студент емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.
3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:

1. Емтихан барысында студент ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыйым салынады. Сонымен қатар басқа студенттермен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, студент емтиханнан шығарылады.

IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:

1. Студенттердің жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне енгізеді.
2. Оқытушы барлық студенттердің баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.
3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.
4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.
5. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттің емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтежиесі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі. Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Археологиядағы ғылымның пәні мен зерттеу нысанын сипаттаңыз
2. Археологиялық зерттеулердің құрылымы мен деңгейін талдаңыз
3. «Археологиялық мәдениет» ұғымы. Археологиялық мәдениеттің феноменін саралаңыз.

4. Заманауи археологиядағы әдіснамалық тәсілдерін сипаттаңыз.
5. Археологиялық зерттеулердегі ғылыми теорияның рөлін сипаттаңыз.
6. Археологиялық зерттеулердің теориялық және әдістемелік аспектілерін талдаңыз.
7. Археологиялық деректердің жүйеленуі, жіктелуі мен типологиясына тоқталыңыз.
8. Археологиялық ескерткіштерді анықтау және синхрондау әдістерін саралаңыз.
9. Археологиялық мәдениет және мәдени-тарихи қауымдастық. Күнделікті Археология туралы сипаттаңыз.
10. Археологиялық зерттеулердегі әдіснаманың рөлі қандай?
11. Археологиядағы мәдени-тарихи интерпретация: әдіснама және әдістерін сипаттаңыз.
12. Археологияда ғылыми әдістерді қолдану мүмкіндіктері мен нәтижелерін талдаңыз.

Емтихан тапсыру кезінде студенттер қабілетті болуы тиіс:

- Қазақстанның ерте темір дәуірінің кезеңделуін ғылыми талаптар бойынша анықтай білу;
- Қазақстанның ерте темір дәуірінің хронологиялық ерекшеліктерін анықтау;
- Қазақстанның ерте темір дәуіріндегі археологиялық мәдениеттерін өңірлер бойынша талдау;
- Қазақстанның ерте темір дәуіріндегі тайпалардың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық және рухани даму проблемаларының себептерін түсіндіру;
- Қазақстанның ерте темір дәуіріне қатысты негізгі ғылыми еңбектеріне баға беру.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Клейн Л. С. Введение в теоретическую археологию. Книга 1: Метаархеология: Уч. пос. - СПб., 2004.
2. Клейн Л. С. Археологическая типология. Л., 1991.
3. Клейн Л.С. Археологические источники. Л. 1978; изд. 2. СПб.1994,
4. Клейн Л.С. Феномен советской археологии. СПб., 1993. Ковальченко И. Д. Методы исторического исследования. - М., 2003
5. Генинг В. Ф. Очерки по истории советской археологии (У истоков формирования марксистских теоретических основ советской археологии. 20-е-первая половина 30-х годов). - Киев, 1982
6. Щапова Ю.Л. Введение в вещеведение. Естественнонаучный подход к изучению древних вещей: Уч. пос. -М., 2000.
7. Смоленский Н.И. Теория и методология истории: Уч. пос. - М., 2007
8. Интернет-ресурс: <http://www.archaeology.ru/>

**«8D02213 – Еуразия археологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша
«Еуразия археологиясындағы заманауи тұжырымдамалар» пәнінен емтихан қабылдау
нұсқаулығы**

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық »	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	"Өте жақсы" деген баға Еуразия археологиясындағы заманауи тұжырымдамалар пайда болу себептерін түсіндіріп. Еуразия археологиясындағы заманауи тұжырымдамалардың ерекшелігін саралап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылым тұжырым жасап, үш сұрақтың толық жауап жазу.	"Жақсы" деген баға барлық Жауап толық, Бірақ кейбір мәселелер қамтылмаған, Ашық аспан астындағы музейдің экспозиция ерекшелігі көрсетілмеген, материалды ұсынудың Логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың Толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың Логикасы мен дәйектілігінің Бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұрақтарға Дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды , теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Еуразия археологиясындағы заманауи тұжырымдамаларына қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. Практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидалары

					н бұзу.
Тандалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Археологиялық терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 33 балл, екінші сұраққа-33 балл, үшінші сұраққа - 34 балл

